

“Гаухар” бөбекжай- бақшасы



“Суды, тамақты, энергияны үнемдеу”

Дайындаған: Берикбаева Алмагуль

2025-2026 оқу жылы



Тақырыбы:

Суды, энергияны, тамақты үнемдейміз

Мақсаты:

Балаларға су, жарық (энергия), тамақтың маңызын түсіндіру және оларды үнемдеуге үйрету.

Міндеттері:

Табиғи ресурстар туралы түсінік қалыптастыру

Қарапайым тәжірибелер арқылы үнемдеудің маңызын көрсету

Ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу

Ойлау, бақылау қабілеттерін дамыту

Қажетті құралдар:

Су құйылған стақан, бос ыдыс

Кран макеті (немесе бөтелке)

Шам (жарық), қосқыш

Нан немесе печенье

Суреттер (дұрыс/бұрыс әрекеттер)

Сценарий барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Балалар шеңберге тұрады

Тәрбиеші:

– Балалар, бізге бүгін қонақтар келді! Олар – Су, Жарық және Тамақ.

Олар бізден көмек сұрайды.

2. Таныстыру (кейіпкер арқылы)

(Тәрбиеші үш затты көрсетеді)

– Бұл – Су

– Бұл – Жарық

– Бұл – Тамақ

Тәрбиеші:

– Олар бізге: «Бізді босқа жұмсамаңдар» дейді. Неге екен?

3. Тәжірибе бөлімі

1-тәжірибе: «Суды үнемдейміз»

Бір ыдыстан су ағызып көрсету

Екіншісінде кранды «жабу»

Сұрақ:

– Қай жерде су көп кетеді?

– Қалай үнемдейміз?

Қорытынды: кранды жауып жүру керек

2-тәжірибе: «Жарықты үнемдейміз»

Шамды қосу/өшіру

Тәрбиеші:

– Бөлмеден шыққанда не істейміз?

Қорытынды: жарықты өшіреміз

3-тәжірибе: «Тамақты қадірлейміз»



Бір бала ұқыпты жейді

Бір бала «төккендей» көрсетіледі

Сұрақ:

– Қайсысы дұрыс?

Қорытынды: тамақты төкпейміз, қадірлейміз

Сергіту сәті:

«Тамшы – тамшы су ақты»

(қимылмен көрсету)

4. Қорытынды

Тәрбиеші:

– Суды қалай қолданамыз?

– Жарықты не істейміз?

– Тамақты қалай жейміз?

Балалар: жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Балалар үнемдеу ұғымын түсінеді

Қарапайым ережелерді сақтайды

Табиғатқа қамқорлық сезімі қалыптасады

Анықтама:

«Суды, энергияны, тамақты үнемдеу» – бұл ортаңғы топ балаларына табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануды үйретуге бағытталған танымдық және эксперименталды іс-әрекет. Іс-әрекеттің негізгі мақсаты – балаларға су, жарық (энергия) және тамақтың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, оларды үнемдеудің қажеттілігін тәжірибе арқылы көрсету және экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Бұл ұйымдастырылған жұмыс барысында балалар су, жарық және тағамның қайдан келетінін, оларды не үшін қолданатынымызды қарапайым деңгейде түсінеді. Тәрбиеші балаларға күнделікті өмірден мысалдар келтіре отырып, «неге суды босқа ағызбау керек?», «неге жарықты сөндіру керек?», «неге тамақты төкпей жеу керек?» деген сұрақтар арқылы ойлануға жетелейді.

Эксперименталды бөлімде балалар шағын тәжірибелер жасайды.

Мысалы, судың ысырап болуын көрсету үшін ашық және жабық кранды салыстыру, жарықтың қажет кезде ғана қолданылуын көрсету үшін шамды қосып-өшіру, тамақты ұқыпты және ұқыпсыз пайдалану жағдайларын бақылау. Осы тәжірибелер арқылы балалар нақты әрекет пен оның нәтижесін көреді, себеп-салдар байланысын түсіне бастайды.

Іс-әрекет барысында балалардың бақылау, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, оларда үнемшілдік, жауапкершілік, табиғатқа деген қамқорлық сезімі қалыптасады.

Балалар ресурстардың шектеулі екенін түсініп, оларды қорғау қажеттігін ұғынады.

Бұл тақырып балалардың экологиялық тәрбиесінің негізін қалайды. «Суды, энергияны, тамақты үнемдеу» іс-әрекеті арқылы балалар күнделікті өмірде қарапайым дағдыларды меңгереді: кранды жабу, бөлмеден шыққанда жарықты өшіру, тамақты төкпеу. Осылайша, баланың санасында табиғатты қорғау мен үнемділік мәдениеті ерте жастан қалыптасады.